

᠑ᠶᠠᠮᠡᠮᠡ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪpbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы

, 2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

Тоғысым – сөйлем мүшелерінің өзара тоғысуы арқылы дыбыс жасалу амалы: тіл ұшы мен тістің тоғысымы – *m, d, n*; тілортасы мен таңдайдың тоғысымы – *k, g, ɳ*; тілшік пен тіл түбінің тоғысымы – *ç, ɳ* т.б.



Томанов Мархабат (1932-1989) – филол. ғыл. док., профессор. Қазақ тілінің тарихи грамматикасын VII-XVI ғ. ескерткіштері мен қазақ ауыз әдебиеті негізінде зерттеген және түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазған ғалым. Өз зерттеулерінде түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық құрылысын, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсеткен.

Томсен Людвиг Питер Вильгельм (1842-1927) – дат тілтанушы ғалымы, тарихшы, Ресей ҒА корреспондент мүшесі. Үндіеуропа, түркі, фин-угор, этрус тілдерінің және Еуропа тарихы мен тіл білімі тарихы жөніндегі еңбектердің авторы. Копенгаген университетін бітірген. Осы университетте докторлық дәреже алған және оқытушылық еткен. 1909 жылы Дат Корольдік ғылыми қоғамның президенті. Т. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін тану және оқу арқылы түркітануға үлес қосқан.



Тон (грек. «*tonos*» – көтерілуі) – дауыстың жоғарылауы, оның өзгеруі, дауыс көтеріңкілігі. Т. белгілі биіктегі дыбыс, музыкалық дыбыс. Т. акустика заңдылықтарына негізделіп, күрделі спектрден құралады. Т. басқа дыбыстардан ерекше көтеріңкі, басым шығуы оның дыбыс тербелісінің жиілігіне байланысты болып келеді. Сонымен қатар Т. интервальдің мөлшерін анықтайтын өлшем ретінде қолданылады. Музыкада Т. нақтылы көлемі дыбыс жүйесіне, музыкалық аспаптың дыбыс шығару ерекшеліктеріне байланысты болады. Ал түстер Т. – нақты бір түстің басқа түстерден айырмашылығын білдіретін бояу өңінің басты қасиеттерінің бірі.

Тонология (грек. «*tonos*» – тон, «*lego*» – айтамын) – тондардың сипатын және қызметін зерттейтін лингвистиканың саласы.

Тон дыбыстар – «к», «ғ» сияқты жіңішкертуге көнбейтін дыбыстар, «к», «ғ», «е» сияқты жуандатуға көнбейтін дыбыстар.

Токипон үшін иероглифтық жазу – жасанды тіл жазуы. Токипонды іс жүзінде Канададан келген Соня Лэнг (Соня Элен Киса) жасаған. Т.ж. барлығы 14 әріп бар, сөздер буындардан (жапон тіліндегі сияқты) тұрады. Ресми түрде сөздер латын әліпбиінің көмегімен жазылады. Сөздер жазылғандай айтылады. Қазіргі уақытта әр түрлі табиғи тілдерден алынған немесе арнайы токипондар, тіпті иероглифтер үшін ойлап табылған буын әліпбиін қолдана отырып, токипон сөздерін жазу нұсқалары қарастырылуда.

Тоқапу немесе туқапу – жеке орналасқан, сондай-ақ белдік түрінде тігінен немесе көлденеңінен жолақтармен жалғанған, квадраттар ішіндегі рамкаға салынған геометриялық фигуралар. Т. Оңтүстік Америка халықтарының жазбаларына, соның ішінде инк жазбаларына жататындығы көптеген